## "Мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жобалардың 2025 жылға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 14 сәуірдегі № 237 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 4 тамыздағы № 595 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жобалардың 2025 жылға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 14 сәуірдегі № 237 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес қарыз қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жобалардың 2025 жылға арналған тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 8, 9 және 10-жолдармен толықтырылсын:

"

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | "Қызылорда – Павлодар – Успенка – РФ шекарасы" автомобиль жолын (433-946 км "Жезқазған-Қарағанды" учаскесі) реконструкциялау | 1171860579000 теңге | 2025 – 2045 жылдар | 996072188000 теңгеге дейін (қарыз валютасына баламалы). Бірінші кезең шеңберіндегі мемлекеттік кепілдік сомасы 650000000000 теңгеден аспайды (қарыз валютасына баламалы): 2025 жыл – 325000000000 теңге (Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі), 2026 жыл – 325000000000 теңге (Азия инфрақұрылы | "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы | Халықаралық Қайта құру |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мдық Инвестициялар Банкі) | | және Даму Банкі |
| 9 | Б. Қонысбаев атындағы өткізу пункті арқылы Өзбекстан Республикасына шығатын Сарыағаш қаласының айналма жолын салу | 237396000000 теңге | 2025 – 2048 жылдар | 201786600000 теңгеге дейін (қарыз валютасына баламалы) | "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы | Азия Даму Банкі |
| 10 | Республикалық маңызы бар А-27 "Атырау-Доссор" 598-512 км автомобиль жолын реконструкциялау | 138411800000 теңге | 2025 – 2048 жылдар | 121802400000 теңгеге дейін (қарыз валютасына баламалы), оның ішінде 2025 жылға – 44600000000 теңге, 2026 жылға – 77202400000 теңге | "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы | Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі |

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *О. Бектенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК